


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY FACULTY OF PHILOLOGY



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2024
“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”
академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық,
Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
FACULTY OF PHILOLOGY

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ -2024

“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”

**академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-теориялық конференция**

МАТЕРИАЛДАРЫ

Akhmet Baytursynuly Readings -2024

PROCEEDINGS

**of the international scientific and theoretical conference
dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar,
Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev**

Астана қаласы

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
А 11

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
ғылыми кеңесі ұсынған.

Редакция алқасын басқарған: **Е.Б.Сыдықов**

Редакция алқасы: **А. Бейсенбай, С. Дүйсенғазы, Ж. Жақыпов, Қ. Бибеков,
Н. Аитова** (дәстүрлі “А. Байтұрсынұлы оқуларының” үйлестірушісі), **Қ. Сарекенова,
С. Жанжігітов**

А. А. Байтұрсынұлы оқулары – 2024. “Тілтанудағы тұлғалар” академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024. – 277 б.

Akhmet Baytursynuly Readings – 2024. Proceedings of the international scientific and theoretical conference dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar, Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev.

ISBN 978-601-385-038-2

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі “Ахмет Байтұрсынұлы оқулары” халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы 2024 жылы “Тілтанудағы тұлғалар” тақырыбында академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналды. Мақалалардың мазмұны мен құрылымына авторлар жауапты, жинаққа енген материалдар авторлық редакцияда жарияланды.

ISBN 978-601-385-038-2

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024
© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2024

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
----------------	---

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Құрманбайұлы Ш. Ғибрат мектебі.....	4
Ескеева М.Қ. Академик Әбдуәли Қайдардың ғылыми әлемі	7
Mustafa Öner. Tarihî Gramer ve Kazakça (Тарихи грамматика және қазақ тілі).....	10
Сағидолда Г. Академик Р.Сыздықдың ғылыми мұралары.....	15
Малбақов М.М. Ұлылардан қалған өнеге.....	19
İbrahimov E. Müstəqillik sonrası Türk Respublikalarında dil siyasətinin əsas istiqamətləri	21
Юсупова Ә.Ш. XIX ғасыр татар теленең икетелле сүзлекләре.....	23
Хусаинова Л.М. Становление башкирского литературного языка и письменности.....	30
Нажимов П.А. Әбдиүәлий Қайдар хәм түркий тиллериниң этнолингвистика илими	35

1-СЕКЦИЯ.

ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ДАМУ ҮРДІСІ ЖӘНЕ ТҮРКІТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Abbasova S. The Main Features of Sound Replacement in Modern Linguistics	38
Абеннова П.Ғ. Туризм дискурсындағы код ауыстыру.....	40
Аитова Н.Н. Академик Р.Сыздықтың «Сөз құдіреті» (корпустық анализ)	46
Балтабай Д.Ә. “Шежіре-и теракиме” еңбегінде кездесетін тілдік бірліктердің этимологиялық сипаты.....	60
Амирова А. Қазақ және ағылшын паремияларындағы «Отан» концептісінің семантикалық жіктелімі.....	64
Абилмажинова А. Мейрам-той атауларының зерттелуі (отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектері бойынша).....	68
Asgarova K. Analysis of the Vocabulary of the Language by Word Fields	73
Ахмет А. Қазіргі қазақ тіліндегі будан терминдердің қалыптасуы мен дамуы.	74
Ахметова М., Рахмет Ү.Ү. Қар лексемасы: этномәдени талдау.....	79
Әбдуәлиұлы Б. А. Байтұрсынұлы қолданысындағы жалпыхалықтық лексиканың терминдену үдерісі.....	83
Бибекөв Қ. Р.Сыздық және Абай тіліндегі мәтін түзу мәселесінің зерттелуі	87
Бұқарбай М. Қазақ тіліндегі бас киім атауларының семантикалық сипаты	91
Данияр Ә.А. Материалдық емес мәдени мұраның тілдік көрінісі: субъект, объект, адресат («Бабырнама» еңбегі бойынша).....	94
Ермекбаева М.	
Мақал-мәтелдер лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны ретінде.....	98
Исмоилов Б.Х. Юсуф Саккокийнинг «Мифтоху-л улум» асарида фасл, васл, ийжоз ва итнобга оид ҳолатлар тафсилоти.....	103
Кабаева А.А. Олжас Сулейменов: тюркославистика и культурный код	107
Кемельбекова Э.	
Қазақ тіліндегі қолданбалы геометрия терминдерінің зерттелуі	111
Керимбаева К. Байлық-кедейлік бинарлық оппозициясы:	
Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мәдени-танымдық ерекшеліктері.....	117

Кыйсыкова А. Саяси дискурстағы терминдер мен ұғымдар	120
Куанышев А.С. Аспан әлемі: Әбдуәли Қайдаровтың тілдік және ғылыми жіктеуі.....	123
Молдабай Ф.Ж. «Ақиқат сыйы» дастанындағы синонимдер	126
Наушабекова Г.А. Академик Әбдуәли Қайдар тіл білімінің көрнекті өкілі, түркітанушы ғалым.....	129
Ниятова Ш.С., Тунгушбаева Ғ.Ж. Тіл білімінде тілдік тұлғаның зерттелуі.....	131
Тәттібаева А.Е. Дискурстың құрылымы мен типологиясы.....	136
Темірхан А. Метафораның тілдегі орны мен мәні.....	140
Тоқтасынова Д.Ғ. «Қорқыт ата кітабындағы» қарым-қатынас етістіктері: «Дирсеханұлы Бұқаш туралы жыр».....	141
Sharibzhanova G., Moldabaeva K. Dual function of the affixes -dai (-dey); -sy, (-ci)	149
Сергазина Ж.Ж., Толепбергенова Ф. Дискурс: Актуальные направления и перспективы исследований.....	153

2-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ, СТИЛИСТИКА ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абдуова Б. Рәбиға Сыздық – тіл мәдениетінің саңлағы.....	157
Абдиров Ө.Қ. Қазақ тіліндегі гендерлік антипаремиялар: instagram контентінің ерекшелігі	161
Аканова А.И. Мифологиялық демонимдер.....	166
Allamuratova Z. M. Qaraqalpaq ádebiyatı ham tuwısqan xalıqlar ádebiyatında tariyxıy prozanıń ornı	169
Демесинова А.А. «Ер Төстік» ертегісінің қазіргі қазақ фэнтезиіне әсері	172
Жанболат Ә.Ж. Батырлар жырының бастауы мен зерттелу тарихы	175
Жүнісқали Ә.Қ. Қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі этномәдени коннотация («Шора батыр» ертегісі бойынша).....	178
Койчуманова Г.К., Максүтова Г.А. Кыргыз поэзиясындағы улуттук идеология жана инсан дүйнөсү	183
Пирниязова А.Қ. Көркем шығарма тилин үйрениуден лингвопоэтикаға қарай.....	189
Тұрысбек Р.С. Абай мұрасы Р.Сыздық еңбектерінде	192
Raximboyeva X.G. Developing dependency parcing datasets for Uzbek: Challenges and achievements.....	198
Сағиданова Г.А. “Барак батыр” жырындағы синтаксистік қайталамалар	200
Серік М.А. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту.....	203

3-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Баймуханбетова М.Б. Т.Шонанұлының тіл үйрету мәселесі.....	208
Дүсіпбаева Қ.С. Креативті коммуникациядағы нейролингвистиканың рөлі.....	211
Аренова Ж.С. Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұралары және оның тәлімдік мүмкіндіктері	214
Ергешбай Н.Б. Ұлттық құндылықтарды оқытудың маңызы.....	217
Еркін А. Ұлттық құндылықтар мәселесін әдебиет сабағында оқытудың негізін қалаушылар	221

Жайлауова Г.Ү., Аубакирова Н.Ү. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін салушы.....	227
Жанжигитов С.Ж., Мәмиева Б. Language competence: content and structure	232
Капшаева Г.А. А.Байтұрсынұлы әдістерін коммуникативті дағдыларды дамытуда қолдану	239
Курманова А.К. Қазақ тілін оқытудың қатысымдық технологиясы	241
Куркебаев К.К., Стамқұлова Ж.Е. Қашықтан оқытудағы қазақ тілі сабақтарының құрылымы мен ұйымдастыру әдістемесі	246
Усенова Ш.Н. Анализ текстов в СМИ, связанных с пандемией.....	251
Қасымқұл Ф. Мектеп оқулықтарындағы мәтіндердің тақырыптық типтері	253
Қуанышбаева Н.А. Қазақ тілін оқытуда дамыта оқыту технологиясын тиімді пайдалану	258
Саткенова Ж., Серікқызы Ж. Сандық коммуникациядағы қазақ тілі	262
Сырбаева С. Қазақ тілі мен әдебиеті – ұлттық руханият пен мәдениеттің дінгегі.....	265
Шоқабаева С.С. Алаш зиялыларының әдістеме бойынша еңбектері	268
Fatima Hajizada Elshan. Linguistic Distinctions Between American and British English.....	271

Ритмикалық тұтастықты қамтамасыз ету. Қайталамалар жырдың ритмикалық және музыкалық құрылымын үйлестіріп, оны жаттап алуға жеңілдетеді.

Эмоциялық әсерді күшейту. Синтаксистік қайталамалар арқылы жыр тыңдаушыны оқиғалардың тереңіне тартып, батырға деген құрметін арттырады.

Тарихи оқиғаларды бейнелеу. Қайталамалар батырдың халық алдындағы тарихи рөлін ашып көрсетеді және оның замандастары үшін маңызын айқындайды.

Қайталамалар жырдың эстетикалық әсерін күшейтіп, оның тарихи-танымдық маңызын арттырады. Бұл әдістерді зерттеу қазақ әдебиетінің стилистикалық ерекшеліктері мен оның даму заңдылықтарын терең түсінуге мүмкіндік береді. Батырлар жырындағы синтаксистік қайталамаларды зерттеу қазақ эпосының тілдік және поэтикалық ерекшеліктерін терең ашуға жол ашады.

Әдебиеттер

- 1 Мағауин М. Қобыз сарыны: көне дәуір әдебиеті. – Алматы: Жазушы, 1968. – 198 б.
- 2 Сейітов С. Қазақ эпосының поэтикасы. – Алматы: Мектеп, 1987. – 236 б.
- 3 Қасқабасов С. Қазақ эпосы: тарихи және әдеби тұрғыдан талдау. – Алматы: Ғылым, 2000. – 312 б.
- 4 Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 356 б.
- 5 «Барақ батыр» жыры // Бабалар сөзі. 60-том. – Алматы: Рауан, 2009. – 408 б.

М. Серік

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты
Қазақстан, Астана қ., e-mail: mserikovaaaa@gmail.com

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚОЛДАНЫС АЯСЫН КЕҢЕЙТУДЕГІ ТИКТОК КОНТЕНТІНІҢ РӨЛІ

Аннотация. В этой статье исследуется влияние платформы ТикТок на популяризацию казахского языка. С использованием метода интервью анализируются тренды казахоязычного контента в ТикТок, его популярность среди молодежи и причины этого явления. На основе опыта и мнений участников интервью описываются возможности платформы в повышении интереса к изучению и использованию казахского языка, а также ее значение для реализации языковой политики. В статье особое внимание уделено потенциалу ТикТок в продвижении казахского языка как современного и актуального средства коммуникации.

Ключевые слова: казахский язык, социальные сети, языковая культура, языковая политика, социолингвистика, ТикТок, контент, стрим.

Abstract. This article explores the influence of the TikTok platform on the popularization of the Kazakh language. Using the interview method, it analyzes the trends of Kazakh-language content on TikTok, its popularity among youth, and the reasons behind this phenomenon. Based on the experiences and opinions of interview participants, the article highlights the platform's potential to increase interest in learning and using the Kazakh language, as well as its role in implementing language policy. Special attention is given to TikTok's capacity to promote the Kazakh language as a modern and relevant tool for communication.

Keywords: Kazakh language, social networks, language culture, language policy, sociolinguistics, TikTok, content, stream.

Соңғы жылдары әлеуметтік желілердің адам өміріндегі рөлі, олардың маңызы мен қызметі, әлеуметке ықпалы, сондай-ақ келтірер зияны зерттеу нысанына алынуда. Әлеуметтік желілер адамдардың қарым-қатынас жасау тәсілдерін, ақпаратты тарату, қабылдау, жұмыс жүйесін, тіпті өмір сүру салтын түбегейлі өзгертті десек болады. Бұл құбылыс тіл ғылымын да айналып өтпеді. Әлеуметтік лингвистика, яғни тілдің әлеуметтік факторлармен байланысын зерттейтін ғылым саласы, әлеуметтік желілердің тілге ықпалын, оның тіл мәдениетіне әсерін жиі талдауда.

Академик Р. Сыздықтың пікірінше, тіл мәдениеті – сөздерді дұрыс әрі орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық) және тілді әсерлі жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын

ұстануды қамтиды [1]. Яғни, дәл осы нормаларға сай емес әлеуметтік желі қолданушыларының тілдерді араластыруы, шамадан тыс қысқартулар, сленгтердің белен алуы, қазақ тілін толық меңгермеу сынды олқылықтар зерттеулерде санамалап беріліп, қазақ тіліне әлеуметтік желілердің тигізер зияндары баяндалуда [2]. Әрине, эколлингвистика, яғни тіл тазалығы жағынан бұл пікірлер орынды. Алайда әлеуметтік лингвистика тұрғысынан қарастырар болсақ, әлеуметтік желілердің үздіксіз даму процесі тілдің қолданыс аясының кеңеюіне белгілі бір дәрежеде оң ықпалын тигізуі мүмкін.

Әлеуметтік желінің түрі өте көп, соның ішінде Instagram мен ТикТок желілерінің танымалдығы жоғары. Қазақстандықтар қолданатын әлеуметтік желілердің статистикасына сәйкес, Instagram-ға 10,45 миллион, ал ТикТок -қа 10,41 миллион қазақстандық қолданушы тіркелген [3].

Салыстырмалы түрде қарасақ, Instagram 2009 жылы пайда болса, ТикТок 2016 жылы іске қосылды, алайда ТикТок небәрі 7 жыл ішінде жылдам дамып, Instagram-ды қуып жетті және басқа платформалардың барлық негізгі функцияларын қамтыды.

ТикТок контенті – әртүрлі тақырыпта қысқа бейнероликтер жариялайтын платформа. Олар пайдаланушылардың назарын аударып, қызығушылығын оятуға бағытталған. Қаралым саны неғұрлым көп болса, қысқа мерзімде танымал болу мүмкіндігі соғұрлым жоғары. Бұл – ТикТок -тың ерекшелігі [4]. Сонымен қатар ТикТок әрбір қолданушыға шығармашылық әлеуетін көрсетуге мүмкіндік береді.

Мақаламызға арқау болып отырған тілдің қолданыс аясының кеңеюі (популяризация) – бұл тілді таратуға, оны үйренуге және қолдануға деген уәжді арттыруға, сондай-ақ қызығушылықты оятуға бағытталған іс-шаралар жүйесі [5]. М. Балақаев: «Ана тілін жақсы білу - әркімнің азаматтық борышы. Егер әрбір сөзді орнымен жұмсай біліп, айтқан ойы мазмұнды, тыңдаушысын баурап алардай әсерлі болса, ана тілінің құдіреті сонда анық сезілер еді», – деп, ең әуелі тілді білудің маңыздылығын, одан кейін оны дұрыс қолданудың, жоғарыда келтірген тіл мәдениетінің қажеттілігін атап өтеді [6]. Қазақ тілінің мәдениеті – әр тұлғаның жеке мәдениетімен байланысты айқындалатын мәселе.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері өзекті тақырыптардың қатарында тіл мәртебесін көтерумен қатар қоғамның барлық саласында қазақ тілінің күнделікті қолданысын арттыру тұр. Бұған түрткі болып отырған – қазақ тілін қолданушылар санының аздығы. Сондықтан да қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту және оны қайта жаңғырту арқылы тілдің мәртебесін арттыру – тіл саясатының басты мақсаты.

Қазақстандағы тіл саясаты қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Конституциясы және "Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңы" арқылы реттеледі, олар қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін айқындайды. Қазақстан үкіметі қазақ тілін тәуелсіз мемлекеттің басты тілі ретінде орнықтыруды көздейтін монотілді қазақтандыру саясатын белсенді түрде қолдайды. Дегенмен елдің көпұлтты мемлекет ретіндегі тарихи мәртебесі және халықтың едәуір бөлігінің бірінші немесе екінші тілі ретінде орыс тілін қолдануы қазақ тілін сақтап қалумен қатар, орыс және басқа да тілдерді дамытуға бағытталған көптілді саясаттың енгізілуіне себеп болды [7]. Осылайша, Қазақстанда қосымша тілдің қатысуымен күрделі тілдік жағдай қалыптасқан: мемлекеттік тіл әлі толыққанды жұмыс істеп жатқан жоқ; жастар шетел тілдеріне, әсіресе ағылшын тіліне қызығушылық танытып, белсенді түрде үйренуде және қазақ-орыс немесе орыс-қазақ тілдерінің аралас түрі – пиджин қалыптасуда [8].

Тіл саясаты мен тілдің қолданылу мәселелерін қамтитын әлеуметтік лингвистика тұрғысынан, бұл тақырып өзекті. Десек те, тілдің дамуы мен заман талабына сай қолдану әдістерінің өзгеруі де маңызды. Бұл ретте ТикТок платформасында қазақ тіліндегі контенттің кең таралуы тілдің табиғи және күнделікті қолданысының кеңеюіне ықпал етіп, оның құндылығын аша түскенін көруге болады. Әрбір қолданушының қазақ тілінде мазмұнды әрі қызықты видео түсіруі қазақ тілінің заманауи әрі түсінікті тіл екендігін дәлелдеп, оның тыңдаушылардың назарын аударуға себеп болады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, қазақ тіліндегі мақалаларда әлеуметтік желілердің тіл мәдениетін бұзып жатқаны туралы жиі айтылады. Алайда әлеуметтік желілер, соның ішінде

ТикТок желісін қолданушылардың арасында қазақ тілінің кең тарала бастағаны байқалады. Осы тұжырымды зерттеу мақсатында желі қолданушылармен сұхбат жүргіздік. ТикТок контентінің қазақ тіліне әсерін анықтауға бағытталған сұрақтар қою арқылы сұхбатқа қатысушылардың жеке тәжірибелері мен көзқарастары қабылданды. Сұхбат бетпе-бет форматта жүргізілді, сұрақтар жалпылама түрде қойылып, басты назар қатысушылардың өз аузынан, өз ойынан шыққан пікірлерге негізделді. Мысалы:

- ТикТок контенті қазақ тілінің қолданылуына әсер етеді деп ойлайсыз ба? Неліктен?
- ТикТок контенті арқылы қазақ тілінің беделін арттыру мүмкін деп ойлайсыз ба?

Неге?

Сұхбатқа қатысушыларды таңдау үшін мақсатты іріктеу әдісі қолданылды. Бұл әдіс бойынша төртінші курс студенттері келесі үш критерийге сәйкес таңдалды:

- Ана тілі – қазақ тілі;
- ТикТок пайдаланушысы;
- Қазақша ТикТок контентін бақылаушы;

1) ТикТок контентінің таралуы қазақ тілінің қолданылуына әсер етеді ме? деген сұраққа әр қатысушы өзінің тәжірибесіне сүйеніп, «иә» деп, әрі қарай өрбіте жауап берді.

Бірінші сұхбаттасушының жауабына назар салсақ:

“ТикТок -та түрлі рубрикалар бар. Мысалы қазақ тілінде контент жүргізетін блогерлер өте көп. Сонымен қатар көшеде жүріп, қазақ тілінде әртүрлі тақырыпта сұрақтар қояды. Алайда осы блогерлердің бәрі бірдей сауатты емес, қарабайыр сөздерді қолданады” (Сұхбатқа қатысушылардың ойы өзгеріссіз берілді) Көріп отырғанымыздай, қатысушымыз екі түрлі пікірді айтады:

- қазақ тілінің қолданыс аясының артуы;
- блогерлердің барлығының тіл мәдениетін сақтамауы.

Екінші қатысушы: *“Қазір қазақ тілінде сөйлейтіндер өте көп, тілге сұраныс артты, менің ойымша, бұған қазақ тілді блогерлердің үлесі мол. Танымал тұлғалар қазақша контент жүргізгендіктен оның оқырмандары да қазақ тіліне қызығып, сөйлеп, пікір қалдырады”*, - деген ой білдірді.

Үшінші респондент: *“Әрине, олар ТикТок -тан қазақша ережелер мен грамматиканы үйренбейді,”* – деп, бірінші қатысушының пікірін қостай отырып, бұл контенттің қазақ тілінің танымал болуына оң әсері де бар екенін атап өтті. Мыс.: *“ТикТок-та шетел азаматтарының қазақ тілін үйреніп, сөйлеп жүргенін байқадым”*.

Қатысушылардың жауабына қарап, сұхбат барысында айтылған барлық дәлелдерді саралай отырып, бірінші сұрақтың жауабы екі түрлі ойды анықтайтынын байқадық. Әуелі, блогерлер қазақ тіліне ерекше назар аударған сайын, тілге деген сұраныс артып, қазақ тілінде сөйлеу кедергісі біртіндеп жойылып, тілдің қолдану аясы кеңейіп, оны үйренуге деген мотивация артып келеді. Алайда бұл үрдістің тағы бір жағы бар: тіл тек контент үшін қолданылып, бұрмалануы мүмкін, ал бұл өз кезегінде қазақ тілінің қарабайырланып кетуіне әкеледі. Дегенмен, жоғарыда атап өткеніміздей, ТикТок контенті түрлі тақырыптарды камтиды. Қазіргі уақытта ТикТок -та қазақ тілінде дұрыс сөйлеуді үйрететін контенттер де бар және оларды қараушылар саны аз емес. Бұл қазақ грамматикасын меңгерту мен таза сөйлеуді насихаттау үшін ТикТок платформасының мүмкіндігін пайдалануға болатынын көрсетеді.

Бірінші сұрақты тереңірек зерттеу мақсатында *“ТикТок -тың ықпалы нәтижесінде қазақ тіліне деген көзқарастың өзгергенін байқадыңыз ба? Бұл жөнінде жеке мысалдарыңыз бар ма?”*, - деген ашық сұрақ қойылды. Оған үшінші қатысушы былай жауап берді: *“Жастар қоғамдық орындарда қазақ тілін еш ұялмай қолдана бастаған. Бұл қоғамдағы жақсы бір әсер етуші фактор”*.

Төртінші қатысушының берген жауабы:

“Тіл трендке айналып жатқаннан кейін, менде қазақ тілінде видеолар түсіруге деген мотивация ашылып жатыр. Бұрын ол видеолар ешкімге өтпейтін сияқты, ұнамайтын сияқты көрініп, стереотиптер болатын”.

Бұл жауаптар қазақ тілінің қоғамда танылуы мен оған деген көзқарастың өзгергенін көрсетеді:

“Жастар мысалы біздің тілімізді менсінбеушіліктен арылған сияқты. Тілімізді жап-жақсы қолдап, оның керісінше таралуына тырысып келе жатыр”.

Бесінші қатысушының жауабы:

“Қазақ тіліне арналған көптеген жобалар болды, алайда ешқайсысы жақсы әсер етпеген секілді. Алайда осы ТикТок -тағы дүмпу, қазақ тілінің мәртебесін асқақтатып жүр”.

Сұхбаттасушылардың жауаптарын талдау барысында көптеген адамдардың қазақ тіліне деген пікірлері мен көзқарастары өзгергені анықталды. Қазақ тіліне деген менсінбеушілік азайып, адамдар өз ана тілінде сөйлеуден ұялмайтын болды. Қазақ тілінде түсірілген контенттің танымалдылығына деген күмән азайып, керісінше, қазақ тілінде түрлі бейнелер түсіріп, оларды көпшілікке жариялауға деген талпыныс артты. Бесінші қатысушымыз айтып өткендей, тілдің мәртебесін арттыруға көптеген жобалар жасалды. Қазақ тілінде реалити-шоулар, қазақ тілін оқыту сабақтары, анимациялық фильмдер және т.б. бірқатар тележобалар іске асырылды. Алайда, тіл – табиғи түрде дамып отыратын құбылыс, сондықтан оның эволюциясы да табиғи жолмен жүзеге асады. ТикТок платформасындағы контенттер қазақ тілінің кеңінен таралуына мақсатты түрде бағытталмаса да, табиғи түрде үлес қосуда.

ТикТок контенті қазақ тілін танымал ету процесіне қалай әсер етеді деген негізгі сұраққа қатысушылардың пікірлерін саралай келе, жауап алынды. Сұхбаттасушылардың жауаптарын талдау нәтижесінде, ТикТок контентіне қатысты қазақ тілінің қолданыс аясының кеңеюіне ықпал етуші бірнеше факторы анықталды:

- 1) қазақша контент сапасының артуы,
- 2) қазақша әндердің кеңінен таралуы,
- 3) танымал тұлғалардың ТикТок -тағы белсенділігінің артуы.

Мысалы: *“Қазақ тіліндегі әндер қазір трендте және ескі әндер қайтадан жаңа форматта шығып жатады, соған адамдар видео түсіреді”.* Иә, расымен, қазір ТикТок -та қазақша әндер толқыны жүруде, адамдар бірінен соң бірі сол әндерге видео түсіру арқылы қазақ тілін таратуда. Одан кейін сапа тақырыбын қатысушылардың барлығы атап өтті: Біріншісі: *“Жалпы қазақ тілдегі контентке көңілім толады, видеоны күшті түсіреді, әсіресе әзіл, музыкалық трендтерді”.* Екінші қатысушы: *“Ең маңыздысы сол адамдарға креативтілік қой, өтімділігі сол нәрсе, қазақша контенттің креативі жоғары”,* - деп қостады. Одан соң Instagram-нан ТикТок -қа ауысқан блогерлердің қазақша контенті, әнші-актер, жалпы қолданушылардың стримдері, Димаш Құдайбергеннің әсері деп үшінші қатысушымыз жауап берді: *“Димаш Құдайбергенов сияқты, оның әндерін барлық әлемде тыңдап, қазақша үйреніп жүрген шетелдіктер де бар ғой, маған ТикТок-тан шығады”.* Төртінші қатысушының: *“Көбінесе қазір стримда (стрим – бұл ТикТок -тың тікелей эфирі – МС) отыратын тиктокерлер қазақша сөйлейді. Бәрі оқырман жинайды, солардың үзінділері шығады маған, олар өте көп, бір-бірімен кіреді, шетелдіктермен кіріп, қазақша сөйлеп отырады”,* – деген пікір де тұжырымымызға айқын мысал бола алады.

Одан бөлек жоғарыда келтіргеніміздей, ТикТок контенті тіл үйрену үшін тиімді құрал ретінде қарастырылуы мүмкін. Платформадағы білім беру мақсатындағы материалдар, мысалы, лексика сабақтары, дұрыс айтылымға қатысты кеңестер мен тілдік нормалар, пайдаланушыларға қазақ тілін қысқа әрі қызықты форматта меңгеруге мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта дәл осындай форматта контент ұсынатын авторлар саны да артып келеді. (Мысалы: Мөлдір Доспаева, Алия Әшім, qazaqgrammar, qazaqbubble) Бұл үрдіс дәстүрлі білім беру жүйесінің (мектептер мен университеттердің) ресурстарымен қатар, заманауи әдістерді қолданудың өзектілігін көрсетеді, тақырыптарды жеңіл, тез түсіндіретін видеолар миллиондап қаралым жинайды, себебі қазіргі жастардың жалпы адамдардың назарын осылай аудару оңай.

Қорытындыласақ, сұхбатқа қатысушылардың тәжірибелеріне сай ТикТок -та қазақша контентті пайдалану арқылы тілдің беделі артып, қолданылу аясы кеңейіп, адамдар тілге қызығушылық танытуда. Бұл процесті тіл саясатының мемлекеттік тіл танымалдылығын

жоспарлау бағыттарының бір бөлігі ретінде қарастыруға болады, ол көбіне медиа, имидж арқылы жүзеге асырылады. Осылайша, дүмпудің көмегімен қазақ тілі бүгінгі таңда табиғи түрде жандану процесінен өтуде, себебі қазіргі таңда тіл қолданушыларының өздері әлеуметтік желілерді дамыту арқылы мемлекеттік тілдің қолданыс аясын арттыруға үлес қосып отыр.

Әдебиеттер

1. Сыздық Р. Тіл мәдениеті және оның проблемалары. – Астана: Елорда, 2001.
2. Курманбекова З. Әлеуметтік желі тілінің лингвостилистикалық сипаты. – Астана: 2024. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-146-1-98-109>
3. Profit.kz. TikTok and Instagram compete for the attention of users in Kazakhstan. 2023. <https://profit.kz>
4. Romanno J. What is Tiktok? A guide to understanding the social media platform. 2020. <https://www.wix.com/blog/what-is-tiktok#:~:text=TikTok%20is%20a%20short%2Dform%20video,people%20and%20real%2C%20home%2Dmade%20videos>
5. Azimov G. , Shukin A. Theory and practice of language learning. 2009. <https://didacts.ru/termin/popularizacija-jazyka.html>
6. Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. Оқулық. – Алматы: Зият Пресс, 2006.
7. Smagulova J. Language Policies of Kazakhization and Their Influence on Language Attitudes and Use. 2008. https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/13670050802148798?casa_token=YtBsZETcosQAAAAA%3ACRG4mHJg_rgtaazyGAePd_KIOgb_4y46OSkY0SBaw2pk
8. Ныязбекова К. Формирование двуязычия и многоязычия в Казахстане. 2015. <https://natural-sciences.ru/ru/article/view?id=35047>